

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы: «ДІН ФИЛОСОФИЯСЫ»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Н.Ж. аға оқытушы Сарсенбеков



Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Дін анықтамалары. Дін және философиялық білім.
2. Діннің алғашқы формалары.
3. «Әлемдік діндер» феномені.
4. Исламның қалыптасуы, догматикасы және тарихи формалары. Суфизм.
5. Ерте діни формалар мәселелеріне көзқарастың алуан түрлілігі: эволюционизм (Э. Тэйлор), структурализм (К. Леви-Строс).
6. Неміс романтизм өкілдерінің діни философиялық концепциясы (Ф.Шлейермахер).
7. С.Кьеркегордің діни философиясы.

Дін - бұл табиғаттан тыс, яғни, моральдық нормалар мен мінез-құлық түрлерінің жиынтығы, рәсімдер, діни іс-шаралар және адамдардың ұйымдарда (діни ұйымдар, діни бірлестіктер) бірігуімен байланысты дүниетанымның ерекше формасы. Дүниені бейнелеудің діни жүйесі (дүниетаным) сенімге немесе мистикалық тәжірибеге негізделеді, әрі танылмайтын және материалдық емес болмысқа деген қарым-қатынасымен байланысты. Жақсы мен жаман, адамгершілік, өмірдің мәні мен мақсаты сияқты ұғымдар дін үшін ерекше маңызды.

Дін - көптеген түсініктерге ие күрделі ұғымдардың бірі. «Дін» терминінің пайда болуы ежелгі римдік мәдениетте пайда болған және «діндарлық», «тақуалық», «табыну, ғибадат ету», «табыну» мағыналарын білдіретін латынның «religio» сөзімен байланысты. Этимологиялық тұрғыдан алғанда, «religio» сөзінің өзі «байланыстыру», «қайта қосылу» деген мағынаны білдіретін латынша «religare» сөзінің туындысы ретінде түсіндіріледі. Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймнің көзқарасы негізінде діннің келесі анықтамасын қолдануға болады: адамдарды біртұтас әлеуметтік, мәдени және рухани біріктіретін сенімдер мен тәжірибелік әрекеттер жүйесі.

Діннің негізгі түсініктері:

1) Құндылықтық - дін ең жоғары және абсолютті құндылық ретінде көрінеді, адамнан шексіз жоғары, адам өзі үстінен және өзінен жоғары қоятын «нәрсе»;

2) Антропологиялық - дін адамның ең жоғарғы қасиеттері мен қабілеттерін жүзеге асырудың тәсілі ретінде қарастырылады.;

3) Әлеуметтік-функционалды – дін мұнда сенімдердің біртұтастығына, қасиетті құндылықтарды мойындауға, діни тәжірибеге және тиісті ұйымдастырушылық құрылымдарға негізделген адамдарды әлеуметтік-мәдени шоғырландыру мен басқарудың құралы ретінде қарастырылады;

4) Психологиялық - діннің мәні күнделікті өмірдің шегінен шығуға мүмкіндік беретін ерекше практиканы бастан кешіру болып табылады; 5) Теологиялық - адамның Құдайға қарай өрлеуі деп түсіндірілетін діни қарым-қатынас тәсілі. Сонымен, дін адамның айналасындағы әлеммен бірлігін қамтамасыз етеді, идеялар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін, болмыстың мәнін терең интуитивті түсіну негізінде күнделікті өмірден тыс жатқан шындықтың әр түрлі көріністерімен үйлесімділікке қол жеткізуге ықпал етеді.

Дін - адам мен қоғамның рухани өмірінің маңызды және қажетті құбылысы. Дінді зерттеумен теология, тарих және философия айналысады:

- теология (діни сананың ашылу фактілерін дұрыс түсіндіруге тырысады);
- тарих (діни сананың пайда болуы мен даму процесін зерттейді, олардың қалыптасуының ортақ принциптерін табу үшін әртүрлі діндерді салыстырады және жіктейді);
- философия (діннің мәнін талдайды, дүниетаным жүйесіндегі орнын анықтайды, онтологиялық және танымдық мағынасын ашады, сенім мен білімнің арақатынасын көрсетеді).

Діннің басты қызметі - адамгершіліктік және әлеуметтік қызмет: ол адамдардың жүректеріне тыныштық, махаббат пен келісім септігін тигізеді. Сонымен, «дін» ұғымын түрліше анықтайды: біреулері оны латынның «religare» - «байланыстыру», ал кейбірі, мысалы, Цицерон «relegere» - «жинау» сөздерінен шығарады. Анағұрлым сәйкес келетін түбір латынның «religio» сөзі, яғни «құдайға сыйыну, қасиеттілік».

Философия және дін адамның әлемдегі орны, адам мен әлем арасындағы байланыс, жақсылық пен жамандықтың қайнар көзі туралы сұрақтарға жауап іздейді. Дін сияқты философияға да трансценденттік тән, яғни тәжірибе шекарасынан, мүмкіндік шегінен шығу, иррационализм, әрі сенім элементі баршылық. Алайда, дін сөзсіз сенімді талап етеді, ондағы сенім ақылдан жоғары, ал философия өзінің ақиқатын дәлелдейді, ақылға, ұтымды дәлелдерге шақырады. Философия әрқашан кез келген ғылыми жаңалықтарды әлем туралы білімімізді кеңейту үшін жағдай ретінде қолдайды. Дін - көпшілік сана. Философия - бұл теориялық, элитарлық сана. Дін сөзсіз сенімді қажет етеді, ал философия өзінің ақиқатын дәлелге шақырады.

Философия мен өнердің ұқсастығы олардың шығармаларында эмоционалды-даралық компонент кеңінен көрініс табатындығында, олар әрқашанда жеке, дербес. Алайда, егер философ проблеманы ұғымдардың, абстракциялардың көмегімен ақыл-ойдың астарлы тұстарына сүйене отырып білдірсе, ал өнер қайраткері проблеманы көркем образдар арқылы білдіріп, ояту сезімдері арқылы біздің санамызға жол ашады. Философия да, ғылым да, дін де, өнер де бір-бірін толықтыра отырып, әлемнің өзіндік бейнесін жасайды.

Антропогенез үдерісі 2-3 (мүмкін одан да көп) млн. жылға созылғандығын және адамзат тарихының үлкен бөлігі әлі күнге дейін толығымен зерттелмегенін ескерер болсақ, қазіргі дінтанушылар «прамонотеизм» теориясына да, «дінге дейінгі кезеңнің» бар екендігі туралы гипотезаға да күмәнмен қарайды. Қазіргі сәтте діни нанымдардың қарапайым формалары 40 мың жылдар бұрын өмір сүргендігін нық сеніммен айтуға болады. Нақ осы уақытқа ақылды адамның (*Homo Sapiens*) пайда болуы жатқызылады. Ол болжау бойынша бастаушы өкілдерінен дене құрылымы, физиологиялық және психологиялық мінез-құлықтарымен ерекшеленіп, түсініктер мен белгілі бір абстракция деңгейін туындатуға қабілетті болды.

Діни нанымдардың осы тарихи кезеңде болғандығы жөнінде алғашқы қауым адамдарын жерлеу тәжірибесі дәлел. Адам өз жақындарын арнайы орынға жерлеген, әрі қайтыс болғандарға алдын ала олардың келесі өміріне дайындық жоралары жүзеге асырылған. Олардың денелері жосамен бірнеше қабат боялған, қастарына қару-жарақтарын, үйге қажетті құралдар, әшекей бұйымдарын, т.б. қойған. Демек, алғашқы қауым адамдары шынайы өмірмен қатар қайтыс болғандар өмір сүретін дүние бар деген түсініктері болған.

Діни нанымдар үңгірлердегі бейнелеу өнері шығармаларында да өз бейнелерін тапқан. Жартасқа салынған көне суреттердің көпшілігі – бұл аңшылық көрінісі, адамдар мен жануарлар бейнесі, кейде аң терісіндегі адамдар, кейде зооантропоморфты тіршілік иелері. Бұл суреттердің талдауы ғалымдарға алғашқы қауым адамы адамдар мен жануарлар арасындағы ерекше бір байланыстың бар екендігіне, әрі аңдар мінез-құлықтарына кейбір магиялық тәсілдер көмегімен әсер етуге болады дегенге сенімінің дәлелі болса керек.

Діни нанымдардың бірі португалдық «fítico» (сиқырлы зат) деген сөзінен «*фетишизм*» деген атауды алды. Өз кезегінде бұл сөз «factitus» (сиқырлы шебер) деген латын сөзінен туындайды. Бұл алғаш рет Батыс Африкада португалдық теңізшілермен табылған, кейін фетишизмнің көптеген ұқсастықтары әлемнің біраз аудандарынан табылған.

Фетишизм ретінде адам баласының кез келген қиялынан туындаған қандай да бір заттар саналған: өзгеше түрдегі тас, ағаш бөлігі, жануар тісі, шеберлікпен жасалған мүсін (сұлба), әшекей бұйымдар.

Бұл затқа оған тән емес қасиеттер таңылды (емшілік, дұшпандардан қорғау, аңшылықта көмек, т.б.) Егерде затқа жүгінгеннен соң адам күнделікті әрекетінде жетістікке жетсе, ол бұған фетиш көмегімен деп қабылдап, затты сақтаған. Егер адам қандай да бір сәтсіздікке ұшыраса, фетиштен бас тартқан, басқа затпен алмастырылған.

Алғашқы қауым адамдарының фетиштерге жүгінуі олардың қалап алынған заттарына әр қашан лайықты түрде қарамағандығы көрінеді: көмегі үшін алғыс айтылса, әлсіздігі үшін жазалаған.

Келесі бір орныққан көне діни форманың бірі *тотемизм* – қандайда бір адамдар тобы (тайпа, фратрия, ру) және белгілі бір жануарлар немесе өсімдіктер түрі арасындағы туыстық байланыстың бар екендігіне сенім. Бұл діни наным түрінің атауы солтүстік американдық оджибве атты үнді тайпасының тілінде «ототеман» деген сөз «оның тегі» дегенді білдірген.

Тотемизмді зерттеу барысында оның пайда болуы алғашқы қауым адамының термешілік және аңшылық шаруашылық әрекетімен тығыз байланысты болған. Адамдарға өмір сүрудің кепілі болған жануарлар мен өсімдіктер табыну объектісіне айналған.

Кейініректе тотемизмге әлеуметтік, ең алдымен қандық-туыстық, қарым-қатынастық элементтері енгізілген. Рулық топтар (қандас туыстар) мүшелері өздерін адамдар мен олардың тотемдерінің белгілерімен үйлескен ата-бабадан шыққандарына сенген. Бұл бір жағынан, ата-баба культін күшейтсе, 2-ші жағынан, тотемге қатынасты өзгертті, соның ішінде тотеммен қоректену салт жора сипатында болып, көне нормалар мен ережелерді еске түсіретін ерекше жағдайлардан басқа уақыттарда тотемді азық ретінде пайдалануға тиым (табу) салынды.

Тағы да бір алғашқы қауымдық нанымдардың бірі және тәжірибе түрімен байланыстысы *магия* (гр. «mageia» – сиқыршылық, арбаушылық, дуалаушылық) – түп негізінде адамдарға, заттарға және объективті әлем құбылыстарына белгілі бір әрекеттер көмегімен әсер ету мүмкіндігіне деген сенімдегі ұғым-түсінік пен салт-жоралар үйлесімділігі. Бұл діни наным түрінің бастау көзі ағылшын этнографы Б.Малиновскийдің «Магия, ғылым және дін» еңбегінде анағұрлым толық суреттелген. Б.Малиновский Тынық мұхиты жергілікті адамдарының өмірін зерттей отырып, өте қызықты заңдылықты көрсетеді.

Жергілікті адамдар магияны жерді игеру кезінде өнімі құбылмалы болатын түйнекті өсімдіктерді отырғызуда пайдаланған, бірақ магия тұрақты, баянды өнім беретін жемісті ағаштарды егуде пайдаланбаған. Балық аулауда магиялық тәсілдер акула және т.б. ірі әрі қауіпті балықтарды кәсіп еткенде қолданылса, ұсақ балықтарды аулауда ол артық саналған. Қайық жасау әрқашан магиялық жоралармен жүрген, ал үйлер салуда магия пайдаланылмаған. Бұл Б.Малиновскийге магиялық түсініктер адам өз күшіне сенімсіз болғанда, шешімдері адамға тәуелсіз факторлармен байланысты емес проблемалармен түйіскенде ғана пайда болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Нақ осы оның құпия күштерден көмек сұрауға және магиялық әрекет жасауға мәжбүрлейді.

Сонымен, алғашқы қауымдық наным түрлері жөнінде айытқанда, *анимизмге* тоқтамасқа болмайды. Бұл латынның «*anima*» - «жан» сөзінен шыққан, жан және рухтардың өмір сүретіндігіне сенім. Анимистикалық нанымдарға жекелеген талдау жасаған ағылшын антропологы Э. Тайлор (1832 ж. – 1917 ж.) және еңбегі «Алғашқы қауымдық мәдениет». Э.Тайлор бойынша бұл нанымдар 2 бағытта дамыған. Анимистикалық нанымдардың алғашқы қатары ежелгі адамдардың түс, елес, ауру, өлім, әрі олардың транс пен галлюцинация сияқты құбылыстарды бастан кешуінен пайда болған.

Анимизмнің кең таралу фактілеріне сүйене отырып Э.Тайлор мына формуланы ұсынды: «Анимизм бұл діннің ең аз дегендегі анықтамасы». Бұл формуланы көптеген дінтанушылар өз көзқарастарында пайдаланған, алайда анимизмнің тайлорлық тұжырымын талқылауда әрі оның әлсіз жақтары да туындады. Алғашқы адамдардың діни нанымдары (мысалы, тотемизм немесе фетишизм) көбінесе өзінде анимистикалық түсініктерді ұстанбайтындығын дәлелдейтін археологиялық және этнографиялық деректер басты контр аргументтер саналады. Мұндай нанымдар «преанимистикалық» деп аталды. Рухтарға, тылсым күштерге, жанның мәңгілігіне сенім – алғашқы қауымдық кезеңдегі анимистикалық түсініктердің түрленуі болып табылады.

Дәл осылайша діни нанымдардың басқа да көне түрлері жөнінде айтуға болады. Мысалы үшін, әлі күнге дейін сақталған амулетке, тұмарларға, қасиетті, дін сенімімен табынатын, бас ұратын заттарға деген сенім алғашқы қауымдық фетишизмнің қалдығы болып табылады. Тотемизмнің қалдықтарын көптеген діндерде азықтық тыйымдарда, жануарлар бейнесіндегі тіршілік иелерінің бейнелерінен көруге болады. Магиялық нанымдар мен жоралар діннің ғибадаттық (культтік) тәжірибесі негізіне енген. Күнделікті ырымшылдықта магия біршама орын алған: дуаға, бал ашу, т.б.сенім.

Адамзат қоғамының ерте кезеңдерінде діни нанымдардың алғашқы түрлері таза күйінде болмаған, бір-бірімен қым-қуат байланыста жатқан. Сондықтан, бұл нанымдардың қайсысы ерте пайда болған деген орынсыз болмақ. Мәселе діни нанымдардың кешенінде. Бұл кешеннің композициясы өте алуан түрлі. Мысалы, Австралия аборигендерінде анағұрлым ерекше артықшылыққа ие болғаны табумен өте ықтиятты жүйеленген - тотемизм. Сібір және Қиыр Шығыстағы көптеген халықтардың ішінде магия мен онымен іс жүзінде тығыз байланыста болған шаманизм үстемдік етті. Африка халықтарына келер болсақ, олар өздерінің фетишизмге деген үлкен бейімділігімен ерекшеленеді.

Таптық қоғамға дейінгі кезең өндіруші күштердің өте төменгі дәрежеде дамуы және салыстырмалы тұрғыда қарапайым әлеуметтік қатынастармен сипатталды. Бұл көптеген мыңжылдықтарға созылды, оның шеңберінде қоғамдық өмірдегі сияқты діни нанымдарда да елеулі өзгерістер болып жатты. Рулық қатынастың ерте кезеңінде басты діни табыну объектісі - бұл табиғат болған. Географиялық орта мен шаруашылық мамандануына байланысты алғашқы қауым адамдарын қоршаған шынайылық болмайтын қасиеттермен дарытылған.

Діндер тарихында «әлемдік» немесе ұлттық діндер өз алдына салыстырмалы түрде кейінірек немесе өзінше ерекше құбылыс. Бұнымен бірге адамзат тарихында адамдардың этникалық, тілдік, саяси байланыстарымен бөлек сенімдік байланыс пайда болады. Адамдар өзара бір сенімді ұстанушылар, туған жері мен тілі, елі мен мемлекетке тәуелсіз біріге бастады. Осылайша әлемдік діндер тобы (буддизм, христиан, ислам) қалыптасты.

Буддизмнің пайда болуы бұлыңғыр. Жазбаша мәліметтер ол дәуірден сақталмаған, мүмкін жоқ та шығар. Алғашқы жазбаша ескерткіштер - Ашока патша жазулары (б.д.д. III ғ.) буддизмнің өзіндік шіркеулік ұйымы, қағидасы дәстүрлерімен дін ретінде қалыптасқан уақытына жатады. Буддизмнің ерте тарихы, Ашока дәуіріне дейінгі кезеңі кейінгі буддистік аңыздармен ғана танылған. Түрлі дәуірлерде жазылған аңыздар уақыт өте келе ірі буддистік діни әдебиеттерді құрады.

Трипитака бойынша бұл дін негізін салушы кішігірім солтүстік үнді мемлекетінің бірінің патшасының ұлы болған. Ол шакья тайпасынан және Гималай баурайында Капилаваста қаласында туған. Оның есімі – Сиддхартха, кейін ол көбіне Гаутама (рулық есім) немесе Шакьямуни (шакья тайпасынан дана) ретінде танылды. Ал аңыздар оны көбіне бұйыру және құрметті эпитеттермен атайды: Тахтагаата («так ушедший»), бхагават («благословенный»), джина (жеңімпаз) және т.б. Әкесі Шуддходана патша сүйікті ұлын кішкентай кезінен ғажайып молшылықта өсіріп, оның көңілін түсіретіннің бәрінен қорғап баққан.

Сиддхартха кұпия түрде сарайы мен отбасын тастап шығады. Байлық пен биліктен бас тартып, ол аскет-тақуа болады. 7 жыл орманда рухани әлем мен ақиқатты тануы үшін сол кездегі сенім фанатиктері ғұрыптары бойынша өзін-өзі қинау, тәнін түрлі жолмен шаршатады. Бірақ бұның бәрі жас тақуаға қанағат әкелмейді. Міне, ұзақ және қиналысты ойдан соң Гаутама ақиқатты табады. Аңыз бойынша, бір күні түнде ағаш түбінде (бодхи немесе смоковница - таным ағашы) қалың ойға енген Гаутама бір сәтте «көзі ашылады». Оған барлық ақиқат аян болады. Осы кезден Сиддхартха (Гаутама) Будда - көзі ашылған (Просветленный) болады.

Нирвана – буддистік ілім бойынша дана ұмтылатын соңғы, идеалды жағдай. Нирвана туралы пікір әрқилы. Не болса да нирвана дәстүрлі үнді көзқарасы бойынша, буддистер қабылдаған қайта туу шеңберінің тоқталуы, барлық өмір сүрушілердің соңын құрайды.

Мәңгі қайта туу – сансара делінеді. Өлім адамды азап шегу болмысынан құтқармайды. Бұл қиналыс шеңберінен ұзақ қайта туулардан кейін архат – әулие тақуа, ақиқатты танушы жағдайға жеткенде ғана құтылуға болады. Негізгі бағыттары: хинаяна («құтқарудың тар жолы»), махаяна («құтқарудың кең жолы»).

«Христиандықтың әкесі» еврейлік философ Филон Александрийский болған. Ол кейінгі грек философиясы идеяларына терең бойлаған. Ол өзінде еврейлік ұлттық рухты және таза гректік классикалық білімді тоғыстыра білген. Адамды тудыру, күнәға бату, т.б. туралы библейлік әңгімелерді Филон аллегория ретінде талдаған. Ол иудейлік, жалғыз құдай туралы қатал монотеистік ілімді ұстанған, бірақ құдай мен материалды әлем арасындағы қасиетті елшінің бар екендігін де қабылдаған, бұл – қасиетті Логос (Сөз): бұл грек идеалистік философиясына тән сипаты болған. Қасиетті Логос, құдай ұлы, христиандықтың орталық образына айналған – Ииусус Христос.

Антикалық және шығыстық мемлекеттердің ыдырауы кезеңінде тайпалық және ұлттық шеңберге көтерілген діндер қалдығын ұстанған діни мистерия, құпиялық дамыды. Мистерия о дүниедегі өмір жөніндегі түсініктермен байланысты болды. Бұларға қатысу о дүниеде жақсылықты қамтамасыз етті-міс. Демек бұл жанды құтқару ілімі болып табылады. Ертехристиандық қауымдар құрамына пұттық, еврейлік емес элементтердің енуі христиандық догматика мен ғұрыптылыққа өзімен бірге өзгерістер ала келді.

Жаңашыл саналатын христиандықтағы орталық идея – адам күнәсі және осы идеяның келесі жағы – құтқару идеясы. Негізі ең бастысы – адамның күнәһарлығы. Оның 2 мәндік жағы бар: 1-ден, барлық бақытсыздықтың себепшісі ретінде күнәһарлық жөніндегі ілім көпшілік көңілін әлеуметтік қайшылықпен шынайы күресуден аулақ әкетті. 2-ден, бұл ілім көпшілікке басу салып, құтқарылумен байланысты болды.

Осылайша, христиандықтың басты идеялары – күнәһарлық, құтқарылу мен күнәдан арылу, құдай-адам-құтқарушы. Негізгі бағыттары: православиелік және католиктік (1054 ж.бөлінген), XVI ғасырда буржуазиялық реформация кезінде католик бағытынан протестантизм бөлініп шыққан.

Ислам - Хиджаздағы ең ірі қоныс орны Меккеде пайда болған. Оның аймағы құнарсыз, шөлейт дала болған. Болжам бойынша көне керуен жолындағы Зәмзәм қайнаркөзінде орналасқан. Көнеден мұнда діни мазмұн дамыған. Зәмзәм суы қасиетті саналды. Қайнарда орналасқан храм Қағба ежелден қажылық объектісі болған; мүмкін сол кездің өзінде қажылық уақытында меккеліктер және бедуиндер арасында сауда айырбасы жүрген шығар. Аңыз бойынша Қағба Ыбырайым және оның ұлы, солтүстік арабтардың аңыздық тегі саналатын Ысмайылмен тұрғызылған. Қала көне ғибадатхананы айнала орналасқан, оны исламға дейін «Алланың үйі» деп атаған, меккеліктер өздерін мақтанышпен «Алланың көршісіміз» деген.

Меккенің Хиджаз бен Батыс Неджд пұтқа табынушы тайпалардың діни орталығы ретінде көрінуі оның маңызды сауда нүктесі болуымен байланысты. Мекке Йеменнен Сирияға, Палестинаға, Ирак пен Мысырға баратын керуен жолдары тоғысында орналасқан. Қызыл теңіз арқылы Шығыс Африкамен баланысқан. Йеменнен тек жергілікті өндірілген товарлар ғана емес, әрі теңіз жолы арқылы Үндістан, Қытай және Африкадан келетін айырбас сауда тауарлары келген.

Меккеде ислам әлеуметтік сүйеу ала алмады, ол қала халқы және оған таяу аудандардағы бедуиндер тарапынан да қолдау таппады. Әрі «орталық кұрейштер» жаңа дінге шешімді түрде қарсы тұрды, дін өкілдері қуғынға түсті.

Аңыз бойынша Мұхаммед уағыздаушы ретінде 610 жылы кіріскен. Бірақ тек 12 жылдан кейін ғана өзінің қаласында толық жетістікке жету мүмкін еместігін түсінеді. Бұл жағдайдан шығу үшін алғашқы мұсылмандар Йасриб –Мединаға көшуден шешім тапты. Бұл көшу (арабша - хиджра) 622 жылы күзде жүзеге асты.

Суфизм (араб тілінен аударғанда «тасаввуф» - тазалық), ислам қайнарынан бастау ала отырып, оның дүниетанымдық, рухани құндылықтық, тақуалық-мистикалық қырларымен адамның өзін-өзі тануы, рухани жағынан кемелділікке жетудің мүмкіндіктерін танытатын бағыт, оның ішінде оқыту және тақуалық-ойлау тәжірибесі, ізбасарлар мен олардың бірлестіктерінің өмір салты да қамтылады. Термин алғаш рет ІХ ғасырдың басында пайда болған. Алғашқы сопылық қауымдар Ирак пен Сирияда VIII ғасырдың басында пайда болды, содан кейін Испания мен Үндістанға тез таралды. X-XI ғғ. сопылық күшті танымал және зияткерлік-мәдени қозғалыс сипатын алады.

XI ғасырдың соңында исламдық сопылар жасаған мистикалық идеяларды көрнекті философ Абу Хамид әл-Газали (1058-1111) енгізді. Газали сенім мен суфизм арасындағы ымыраластырушы рөлін атқарды. Шынайы білім - бұл «жүректің Құдайға табынуы, ішкі дұға, Құдайға жақындау үшін адамның санасы иеленетін құрал». Теологиялық немесе заңдылықтың егжей-тегжейі жөніндегі ұсақ пікірталастарды жанның интуитивті өмірін тудырған құдайға деген махаббатпен ауытырылуы керек. Осылайша, Газали мистикалық махаббатты діндарлыққа енгізді.

Қожа Ахмет Яссауи (1093-1166) - сопылықтың түркі саласының жетекшісі, ойшыл, ақын. Оның «Диуани хикмет» («Даналық кітабы» - көбінесе «Хикмет» деген атпен қысқартылған) еңбегі сақталған. Уақыт өте келе ол бүкіл ислам әлеміне танымал данагөй болады. 63 жасында жер астына түсіп, қалған өмірін сол жерде өткізеді. «Диуани хикмет» исламның негізгі ережелері мен қағидаларын ашады. Сонымен, шариғат - бұл исламның заңдары, салт-дәстүрлері. Тарикат - сопылық ілім. Хақиқат - бұл Құдайға жақындау. Мағрипат - дін туралы білім. Шариғатсыз, тарикатсыз және мағрипатсыз хақиқатқа жету мүмкін емес, Құдайға жақындау мүмкін емес. Осылайша ол адамдарды адал, мейірімді, қайырымды болуға шақырды.

Фридрих Даниэль Эрнст Шлейермахер (1768-1834) - неміс романтизмі философиясының көрнекті өкілі, либералды протестанттық теологияның негізін қалаушы. Романтизм - бұл психологизм және махаббат пен еркіндікке деген құштарлық тән адамның жаңа ашылуы. Шлейермахердің көзқарасының жаңалығы - ол діни құбылыстарды қайта түсіндіріп, алғаш рет діни сезімді, тәжірибе мен сананы психологиялық, оның түсінігінде ең маңызды, діннің компоненттері ретінде қарастырады. дін - бұл адамның табиғатына тиісті қалыптасқан және ерекше шындық. Ол өзінің идеологиялық қызметін орындайды, «менің әлемдегі орнымды анықтайды және менің кім екенімді анықтайды» - деп жазған болатын.

Серен Кьеркегор (1813-1855) - даттық философ, жазушы және психолог. Ол экзистенциализмнің негізін қалаушы болды. Философиялық көзқарастары неміс романтизмінің, сондай-ақ Гегель философиясының антирационалистік реакциясының әсерінен дамыды. Құдайға барар жолда, адам, ойшыл пікірінше, 3 түрлі кезеңнен өтеді - эстетикалық, этикалық және діни. Эстетикалық тұрғыдан өмір сүретін жеке тұлға, оның өмірінің «ақиқатын» алудан бас тарту арқылы эмоционалды ләззат алады, бұл бас тарту сөзсіз қанағаттанбауға және «үмітсіздікке» әкеледі, бірақ бұл шынайы үмітсіздік емес. Соңғысы этикалық сатыға келіп, адамды жеке басының діни мәнін түсінуге жетелейді, себебі Құдайға басқа жол жоқ.